

**«КМФ Банк» акционерлік қоғамының
Корпоративтік басқару
кодексі**

Бизнес - иегері:	Корпоративтік хатшы қызметі
Бекітілді:	Акционерлердің жалпы жиналысымен (2025 жылғы «02» қыркүйек № 1(15) хаттама)
Қолданысқа енгізілді:	2025 жылғы «02» қыркүйектен бастап

**Алматы қ.
2025 ж.**

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	3
2-тарау. Корпоративтік басқару қағидаттары	3
3-тарау. Акционерлердің құқықтарын қорғау және барлық акционерге тең қатынас. 4	
4-тарау. Тиімді корпоративтік басқару	5
5-тарау. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	7
6-тарау. Орнықты даму	10
7-тарау. Ақпаратты ашу және айқындылық	12
8-тарау. Акционерлердің жалпы жиналысы	14
9-тарау. Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер	16
10-тарау. Корпоративтік хатшы	19
11-тарау. Басқарма және Басқарма жанындағы комитеттер	20
12-тарау. Қаржы-шаруашылық қызметті бақылау және аудит	22
13-тарау. Қорытынды ережелер	23

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «КМФ Банк» АҚ Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Кодекс) корпоративтік басқарудың ашықтығын, жауапкершілігі мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында акционерлер, басқару органдары, лауазымды тұлғалар және өзге де мүдделі тараптар арасындағы қатынастарды қоса алғанда, «КМФ Банк» АҚ (бұдан әрі - Банк) басқару қағидаттарын, стандарттарын мен тәртібін айқындайды.
2. Осы Кодекс Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Банк Жарғысына сәйкес және корпоративтік басқарудың халықаралық қағидаттарын ескере отырып әзірленді.
3. Осы Кодексте терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында (бұдан әрі - заңнама) және Банктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарында бекітілген мағынада пайдаланылады.

2-тарау. Корпоративтік басқару қағидаттары

4. Банктің корпоративтік басқаруы акционерлердің, қызметкерлердің және мүдделі тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге, корпоративтік қатынастардағы сенімді нығайтуға, іскерлік бедел мен ашықтықты арттыруға негізделеді. Банктің корпоративтік басқаруы Банктің тиімді жұмысын, активтер құнының ұзақ мерзімді және орнықты өсуін қамтамасыз етуге, қаржылық орнықтылықты қолдауға бағытталған.
5. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банк Жарғысының талаптарына және Қазақстан Республикасы уәкілетті органының ұсынымдарына сәйкес корпоративтік басқару жүйесін құрады және жетілдіреді. Банк корпоративтік басқарудың ең үздік халықаралық тәжірибелері мен қағидаттарын ұстануға ұмтылады.
6. Корпоративтік басқару жүйесі Банкті басқару тиімділігін арттыру мақсатында басқару органдарының өкілеттіктерін, есептілігін және өзара іс-қимылын нақты айқындауға негізделеді.
7. Банктің корпоративтік басқару жүйесі мынадай қағидаттарға негізделеді:
 - 1) акционерлердің құқықтарын қорғау және барлық акционерге тең қатынас;
 - 2) тиімді корпоративтік басқару;
 - 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау;
 - 4) орнықты даму;
 - 5) ақпаратты ашу және айқындылық.
8. Корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану Банк қызметіне объективті талдау жасау және талдаушылардан, қаржы кеңесшілерінен, рейтингтік агенттіктерден тиісті ұсыныстар алу үшін тиімді тәсілдемені құруға атсалысуы тиіс.
9. Банктің Директорлар кеңесі корпоративтік басқару жүйесінің осы Кодексте бекітілген қағидаттарға сәйкес болуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ оның дамуын, тиімділігінің тұрақты бағалануын және заңнамадағы және корпоративтік басқару практикасындағы өзгерістерге сәйкес болуын бақылайды.

3-тарау. Акционерлердің құқықтарын қорғау және барлық акционерге тең қатынас

10. Банк корпоративтік басқару тетіктері арқылы акцияларға иелік етуге және Банкті басқаруға қатысуға байланысты құқықтарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген акционерлердің құқықтарын қорғауды және іске асыруды қамтамасыз етеді.
11. Банктің әрбір акционері Орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға құқылы.
12. Банк Директорлар кеңесі мүшелерін сайлауды және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды, сондай-ақ оларға сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындауды қоса алғанда, акционерлердің корпоративтік басқарудың негізгі шешімдерін қабылдауға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесін құру, оның сандық және дербес құрамын өзгерту құқығы Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреті болып табылады.
13. Банк акционерлердің құқықтарын жүзеге асыруды, миноритарлық және шетелдік акционерлерді қоса алғанда, барлық акционерге, оның ішінде олардың Банкті басқаруға қатысу құқықтарын іске асыру кезінде әділ және тең қатынасты қамтамасыз етеді, акционерлердің құқықтары Банктің Жарғысында бекітілген. Акционерлер өз кезегінде өздеріне берілген құқықтарды теріс пайдаланбауы тиіс.
14. Акционердің талабы бойынша Банк оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Жарғы талаптарына сәйкес осындай талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей, құжаттардың көшірмелерін береді.
15. Акционердің талап етуімен Банк коммерциялық немесе банктік құпияны құрайтын ақпаратты, заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты қоспағанда, құжаттарды ұсынады.
16. Акционерлердің жалпы жиналыстарын дайындау және өткізу кезінде Банк акционерлерге Жалпы жиналыстардың өткізілетін күні мен орнына және олардың күн тәртібіне қатысты толық ақпарат, сондай-ақ байыпты шешім қабылдау үшін жеткілікті өзекті және маңызды ақпарат беруді қамтамасыз етеді. Ақпаратты ашу Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банк Жарғысының және ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.
17. Банк жыл сайынғы Жалпы жиналыста акционерлерге Директорлар кеңесі бекіткен, сыртқы аудитпен расталған, есепті кезеңдегі Банк қызметінің нәтижелерін объективті бағалау үшін қажетті мәліметтерді қамтитын жылдық қаржылық есептілікті ұсынады.
18. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленген мөлшерде және мерзімде дивидендтер алу арқылы Акционерлердің Банктің пайдасын бөлуге тең шарттармен тең қатысуға мүмкіндігі бар.

19. Банк дивидендтік саясатты әзірлейді, онда дивидендтік саясаттағы тәсілдемелер, дивидендтердің мөлшерін айқындаудың ашық тетігі, оларды төлеу тәртібі айқындалуы тиіс.
20. Дивидендтік саясат Банктің жалпы қаржылық стратегиясының бөлігі ретінде қарастырылады және акциялардың нарықтық құнының өсуін қамтамасыз ету мақсатында алынған пайданың тұтынылатын және капиталдандырылатын бөліктері арасындағы пропорцияларды оңтайландыруға негізделеді.
21. Дивидендтерді төлеу экономикалық тұрғыдан негізделуге тиіс және ұзақ мерзімді перспективада Банк қызметінің орнықтылығының нашарлауына не Банктің төлем қабілетсіздігіне әкелмеуі тиіс.
22. Банктің дивидендтік саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді:
 - 1) акционерлердің мүдделерін сақтау;
 - 2) Банктің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету;
 - 3) Стратегиялық даму мен орнықты өсуді қамтамасыз ету үшін Банктің қаржыландыруға (ақша ресурстарына) деген қажеттілігін қамтамасыз ету;
 - 4) дивидендтік төлемдердің мөлшерін айқындау кезінде Банк және Банк акционерлері мүдделерінің балансы.

4-тарау. Тиімді корпоративтік басқару

23. Банкті тиімді корпоративтік басқаруға оңтайлы ұйымдық құрылым құрғанда және ішкі бақылау жүйесі, басқарушылық есептіліктің тиісті жүйесі болғанда, сенімді ақпаратты уақтылы алуға және негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін Банк органдары мен қызметкерлері арасында ақпарат алмасу қамтамасыз етілгенде қол жеткізіледі.
24. Банктің ұйымдық құрылымы таңдалған бизнес-модельге, қызмет ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне сәйкес келеді, мүдделер қақтығысын барынша азайтады және тәуекелдерді басқару өкілеттіктерін мыналарды:
 - 1) Директорлар кеңесін;
 - 2) Директорлар кеңесі жанындағы комитеттерді;
 - 3) Басқарманы;
 - 4) тәуекелдерді басқару бойынша бөлімшені (бөлімшелер);
 - 5) комплаенс және ішкі бақылау бөлімшесін;
 - 6) ішкі аудит бөлімшесін;
 - 7) ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесін;
 - 8) орнықты даму және ESG бөлімшесін қоса алғанда,

бірақ олармен шектелмей, Банктің алқалы органдары мен құрылымдық бөлімшелері арасында бөледі.

25. Шешім қабылдаудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Банктің алқалы органдарының, басшы қызметкерлерінің, құрылымдық бөлімшелерінің және Банктің өзге де уәкілетті тұлғаларының өкілеттіктері мен міндеттері нақты ажыратылады және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында бекітіледі.

26. Банктегі ұйымдық құрылым мен өкілеттіктердің бөлінуі мүдделер қақтығысын барынша азайтуды, міндеттердің қайталануын және бір органда немесе бір тұлғада өкілеттіктердің шоғырлануын болдырмауды, сондай-ақ үш қорғаныс желісі жүйесінің қағидаттарына сәйкес негізгі бақылау және тәуекел функцияларының тәуелсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып қалыптастырылады.
27. Банктің алқалы органдарын қалыптастыру олардың сандық құрамы мен өз функцияларын орындау үшін өкілеттіктерінің жеткіліктілігіне, кәсіби біліктілігінің, іскерлік беделінің және тәжірибесінің Банк операцияларының ауқымы мен күрделілігіне сәйкестігіне негізделеді. Банктің алқалы органдарының мүшелері міндеттерін адал орындауға, өзара іс-қимылға, сындарлы талқылауға бағдарлануға және Банктің орнықты дамуын және барлық акционерінің мүдделерін ескере отырып шешімдер қабылдауға тиіс.
28. Алқалы органның әрбір мүшесі шешім қабылдау кезінде қатысуға және Банк қызметі мен сыртқы жағдайлардағы елеулі өзгерістер туралы хабардар болуға, Банк мүдделерін қорғауға бағытталған уақтылы шешімдер қабылдауға және мүдделер қақтығысы бар мәселелер жағдайында дауыс беруден және шешім қабылдаудан қалыс қалуға тиіс.
29. Банктің алқалы органдарының мүшелері, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жетекшілік ететін басшы қызметкерлер, Банктің өзге де уәкілетті тұлғалары мүдделер қақтығысын туындатқан немесе оның туындауының ықтимал себебі болып табылатын кез келген мәселе бойынша ақпаратты өз міндеттерін атқару кезінде мүдделер қақтығысын басқару саясатында және Банктің басқа да ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен дереу хабарлауға тиіс.
30. Банк қызметін жоспарлау уақтылы жүзеге асырылады: стратегияның, даму жоспарларының орындалуы, Банк қызметінің стратегиялық негізгі көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қол жеткізу Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мерзімдік негізде бақыланады. Банктің алқалы органдарының, басшы қызметкерлерінің, жетекшілік ететін басшылары мен құрылымдық бөлімшелерінің қызметі жылына кемінде 1 (бір) рет бағалануға тиіс.
31. Банкті тиімді корпоративтік басқару мақсатында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері құрылады, тәуекелдерді тиісінше басқару, кірістілік және шешімдерді жедел қабылдау арасындағы қисынды теңгерімге қол жеткізуге мүмкіндік беретін тәуекелге бағдарланған тәсілдеме енгізіледі, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі құрылады, оны құру кезінде Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес осы жүйелерге қатысушы құрылымдық бөлімшелердің тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.
32. Банкті тиімді корпоративтік басқару барлық мүдделі тараптардың, акционерлердің, қызметкерлердің, клиенттердің, уәкілетті органдардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделген және Банктің орнықты

дамуын, қаржылық тұрақтылығын және ұзақ мерзімді табыстылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

- 33.Банктің қызметі кемінде 3 (үш) жылды құрайтын кезеңге бекітілген стратегия шеңберінде жүзеге асырылады. Банктің стратегиясы – Банктің миссиясын жүзеге асыруға, ресурстарды тиімді бөлуге, белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге және корпоративтік басқару шеңберінде орнықтылықты қамтамасыз етуге бағытталған басымдықтар жүйесі мен іс-қимыл жоспары.
- 34.Стратегиялық жоспарлау процесінде Банк ықтимал тәуекелдерді анықтау мақсатында кірістіліктің негізгі көздеріне талдау жасайды. Банктің стратегиялық жоспарлауы бюджеттік жоспарлау, қаржылық болжау және тәуекел-тәбеттің бекітілген деңгейлері шеңберінде негізгі тәуекелдерді бағалау тетіктері негізінде жүзеге асырылады.
- 35.Банк Стратегиясының жүзеге асырылуына Банк тұрақты мониторинг жүргізеді, сондай-ақ стратегиялық тәуекелдер мен Банктің қызметіне тән тәуекелдердің әсерін бағалау мақсатында Банк Стратегиясына талдау жасайды.

5-тарау. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

- 36.Банктің Директорлар кеңесі таңдап алған бизнес-модельге, қызмет ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне сәйкес келетін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және Банктің елеулі тәуекелдерін анықтау, өлшеу және бағалау, мониторинг жүргізу, бақылау және азайту рәсімдерінің тиісті процесін қамтамасыз етеді.
- 37.Тәуекелдерді басқару жүйесі Банк тәуекелдерін уақтылы анықтау, өлшеу, бақылау және мониторинг жүргізу, сондай-ақ оның қаржылық орнықтылығы мен тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оларды барынша азайту мақсатында Банк әзірлеген және регламенттеген ішкі рәсімдердің, процестердің, саясаттардың, банктің құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимыл тетігін қамтамасыз ететін, заңнамада белгіленген құрамбөліктер жиынтығы болып табылады.
- 38.Банк тәуекелдерін басқару жүйесінің негізгі міндеттері:
- 1) Банк мақсаттарына қол жеткізуге деген орынды сенімділікті қамтамасыз ету;
 - 2) тәуекелдерді анықтау және осындай тәуекелдерді басқару;
 - 3) Банк активтерінің сақталуын қамтамасыз ету;
 - 4) бухгалтерлік (қаржылық), статистикалық, басқарушылық және басқа да есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету;
 - 5) заңнаманың, сондай-ақ Банктің ішкі саясатының, регламенттері мен рәсімдерінің сақталуын бақылау.
- 39.Банктің Директорлар кеңесі, Басқармасы және қызметкерлері жоғары тәуекел-мәдениетті қолдауды қамтамасыз етеді, Банк органдарының құрамында шешім қабылдау процесін қоса алғанда, өз қызметі процесінде тәуекелдерді анықтайды және ескереді, сондай-ақ анықталған тәуекелдерді басқаруға жауапты болады.

40. Банк шеңберіндегі тәуекелдерге байланысты мәселелер, соның ішінде тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері бойынша үнемі хабардар ету тәуекелдерді басқарудың жоғары мәдениетінің негізгі факторы болып табылады. Тәуекелдерді басқару мәдениеті тәуекелдер туралы ақпаратпен толыққанды алмасуға ықпал етеді және Банк қызметкерлерінің, Басқармасының және Директорлар кеңесінің тәуекелдерді қабылдауына байланысты мәселелерді ашық талқылауға және сыни бағалауға шақырады.

41. Тәуекелдерді басқару жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) тіршілікке бейімді және орнықты бизнес моделін таңдауға, тәуекел-тәбеттің стратегиясы есебімен стратегия мен бюджетті тиімді жоспарлау процесін таңдауға негізделген Банк қызметінің негізгі бағыттарының кірістілігі мен қабылданатын тәуекелдер деңгейінің оңтайлы ара қатынасы;
- 2) Банк тәуекелдерінің мөлшерін объективті бағалау, тәуекелдерді басқару процестерінің толықтығы және құжатталуы, оларды алдын ала анықтау, өлшеу және бағалау, мониторинг жүргізу мен бақылау, Банктің меншікті капиталының жеткілікті көлемін және өтімділігін қолдау мақсатында қаржы ресурстарын, қызметкерлерді және ақпараттық жүйелерді оңтайлы пайдалана отырып, ұйымдық құрылымның әрбір деңгейінде тәуекелдердің елеулі түрлерін барынша азайту;
- 3) тәуекел-тәбеттің біріктірілген деңгейін (деңгейлерін) айқындау;
- 4) тәуекел-тәбет деңгейлерінің сақталуына мониторинг жүргізудің барлық елеулі тәуекел түрлері бойынша тәуекел-тәбет деңгейлерін айқындау және белгіленген деңгейлер бұзылған жағдайдағы іс-қимыл алгоритмі;
- 5) тәуекел-тәбет деңгейінің бұзылуын анықтауға бағытталған ерте ескерту жүйелері мен триггерлер әзірлеу;
- 6) ұсынылған ақпаратты жан-жақты бағалау негізінде адал, тиісті сақтықпен және қамқорлықпен (duty of care) Банктің мүддесі үшін ұтымды шешімдер қабылдау және әрекет ету. Сақтық және қамқорлық таныту міндеті, егер Банк қызметкерлері және лауазымды тұлғалары өрескел ұқыпсыздық танытпаса, бизнес-шешімдер қабылдау процесіндегі қателіктерге қолданылмайды;
- 7) Банк қызметкерлері және лауазымды тұлғалары өздерінің жеке басының пайдасын, Банкпен ерекше қатынаспен байланысты тұлғалардың мүддесін есепке алмай, Банк мүддесіне залал келтірмей (duty of loyalty) Банк мүддесінде адал шешім қабылдауы және іс-қимыл жасауы;
- 8) Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері арасында функцияларын, міндеттемелері мен уәкілеттіктерін және де мүдделер қақтығысын барынша азайту есебімен олардың жауапкершіліктерін нақты бөлу;
- 9) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларын Банктің операциялық қызметінен үш қорғаныс желісі жүйесін құру арқылы бөлу, оған мыналар кіреді:
 - a) бірінші желі – Банктің құрылымдық бөлімшелері деңгейінде;

- б) екінші желі – тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшелер, комплаенс бөлімшелері және бақылау функцияларын орындайтын бөлімшелер деңгейінде (өз құзыреті шеңберінде қауіпсіздік, қаржылық бақылау, кадрлық қамтамасыз ету, заңдық тәуекелді, операциялық тәуекелді басқару функцияларын жүзеге асыратын бөлімшелерді қоса алғанда);
- в) үшінші желі – тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін бағалау бөлігіндегі ішкі аудит бөлімшесі деңгейінде.
- 42.Банктің Директорлар кеңесі жеткілікті өкілеттіктері, тәуелсіздігі және ресурстары бар, Банктің Директорлар кеңесімен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын Тәуекел-менеджмент басшысы жетекшілік ететін және (немесе) басқаратын тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшелердің болуын қамтамасыз етеді.
- 43.Банктің Тәуекел-менеджмент басшысы мен Директорлар кеңесі және (немесе) тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитет арасындағы өзара іс-қимыл тұрақты негізде жүзеге асырылады.
- 44.Дереу шешім қабылдауды немесе шұғыл шараларды талап ететін тәуекелдерге байланысты мәселелер бойынша маңызды ақпарат Банктің Директорлар кеңесінің, тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеттің және Басқарманың, бақылауды жүзеге асыратын жауапты лауазымды адамдар мен бөлімшелер басшыларының назарына шұғыл түрде жеткізіледі.
- 45.Ішкі бақылаудың тиімді жүйесі ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процесіндегі тиісті деңгейдегі рөлді ескере отырып, оны басқарудың әртүрлі деңгейлерінде құруды білдіреді:
- 1) стратегиялық деңгейде - Банктің ішкі нормативтік құжаттарында бекітілген ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындау жолымен;
 - 2) операциялық деңгейде - операциялық процестерде қажетті бақылау рәсімдерін енгізу және орындау арқылы;
 - 3) ұйымдық деңгейде - ішкі бақылау жүйесі шеңберінде Банктің қызметін үйлестіретін және оның жұмысын қамтамасыз ететін функцияларды (ішкі бақылау, комплаенс-бақылау, сапаны бақылау және өзге де бақылау секілді) ұйымдастыру арқылы.
- 46.Ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз ету мақсатында Банк Банктің тәуекелдерін алдын ала басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін басқарушылық есептіліктің (ақпараттың) тұтас, барабар және тиімді жүйесінің болуын және жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.
- 47.Басқарушылық есептілік (ақпарат) деп Банк Басқармасына, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттерге, Директорлар кеңесіне, өзге де алқалы органдарына ұсынылатын заңнама мен Банктің ішкі нормативтік құжаттарының негізінде және талаптарына сәйкес әзірленген Банк, оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің, Банк қызметінің жекелеген бағыттарының шарттары мен нәтижелері туралы Банктің ішкі есептерінің жиынтығы түсініледі.

48. Банк Банктің және оның еншілес ұйымдарының қызметі туралы толық, дұрыс, өзекті, тиімді, дәл, қолжетімді және уақтылы басқарушылық ақпаратты Банк органдарына тұрақты негізде ұсынуды қамтамасыз ететін басқарушылық ақпарат жүйесінің жұмыс істеуін айқындайтын ішкі нормативтік құжатты әзірлеуді қамтамасыз етеді. Көрсетілген құжатта басқарушылық ақпараттың құрамы, қалыптасу жиілігі (кезеңділігі), ұсыну мерзімдері мен нысандары, басқарушылық есептілікті алушы Банк органдарының, оны уақтылы дайындауға және ақпаратты Банк органдарының назарына жеткізуге жауапты Банктің құрылымдық бөлімшелерінің/еншілес ұйымдарының атауы қамтылады.

6-тарау. Орнықты даму

49. Банк өз қызметінде орнықты даму саясатын енгізеді және басшылыққа алады, ол орнықты даму және Environmental, Social and Governance (бұдан әрі - ESG) саласындағы қызметке тәсілдемелерді жүйелейтін негізгі ішкі нормативтік құжат болып табылады.

50. Банк корпоративтік басқарудың стандарттарына, оның ішінде Банк үшін бәсекелестік және ұзақ мерзімді артықшылықтарды қамтамасыз ететін, клиенттермен жауапты өзара іс-қимыл қағидаттарын қоса алғанда, орнықты даму және ESG саласындағы халықаралық стандарттарға мониторинг жүргізуді және озық тәжірибелерді енгізуді жүзеге асырады.

51. Банк өз қызметінде экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалау, сондай-ақ Банктің бизнес-процестерімен, кредиттік және инвестициялық қызметімен ESG-аспектілерін кезең-кезеңімен біріктіру қажеттілігін мойындайды.

52. Банк өз қызметіндегі негізгі бағыттарды айқындай отырып, ESG және орнықты дамуға жүйелі тәсілдемені енгізеді:

- 1) қоршаған ортаға әсерді төмендету;
- 2) жауапты қаржыландыру практикаларын дамыту;
- 3) экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару практикаларын енгізу және дамыту;
- 4) адам құқықтарын сақтау және еңбек практикасына жауапкершілікпен қарау;
- 5) орналасқан өңірлерінің әлеуметтік дамуына атсалысу;
- 6) корпоративтік басқару практикаларын жетілдіру.

53. Банк ашық және тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ете отырып, орнықты даму және ESG мақсаттарын жүзеге асыру кезінде барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескереді.

54. Банкте орнықты даму қағидаттарын енгізу бойынша рәсімдерді және (немесе) ішкі тәртіпті әзірлеуді және іске асыруды Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы жүзеге асырады. Орнықты даму стратегиясын, оның ішінде Банктің даму стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылатын стратегияны әзірлеуге қатысуды және ESG-практикаларын енгізуді үйлестіруді тиісті құрылымдық бөлімше және (немесе) уәкілетті тұлға жүзеге асырады, ал орнықты даму саясаты мен стратегиясын іске асыру Банктің барлық

- құрылымдық бөлімшелерінің бірлескен күш-жігерімен қамтамасыз етіледі. Банк сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс, салық тәртібі, алаяқтықтың алдын алу, құпиялылық режимін бұзу, сондай-ақ дербес деректермен, банктік және заңмен қорғалатын өзге де ақпаратпен заңсыз жұмыс істеу бөлігінде қолданылатын заңнаманың сақталуын қоса алғанда, Банк ішіндегі әдепті мінез-құлықты қамтамасыз етуге күш салады.
55. Орнықты даму стандарттарын және клиенттермен жұмыс істеу қағидаттарын енгізу шеңберінде Банк банктік қызметтермен жеткіліксіз қамтылған тұлғалар үшін көрсетілетін қызметтер туралы хабардарлықты арттыруды және қолжетімділігін қамтамасыз етеді.
56. Банк тұтынушылардың құқықтарын қорғауды, ақпараттық қауіпсіздікті, ішкі және сыртқы қаржылық алаяқтыққа орнықтылықты, сондай-ақ қаржы өнімдерін пайдалану кезінде клиенттерге ықтимал әсерді барынша азайтуды қамтамасыз етеді.
57. Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін Банк ESG саласындағы ішкі нормативтік базаны жетілдіреді және оқыту және халықаралық тәжірибелерді енгізу арқылы қызметкерлердің құзыреттерін жүйелі түрде дамытады.
58. Корпоративтік басқару жүйесі Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау және денсаулық сақтау, еңбекақы төлеу, Банк қызметкерлерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету салаларындағы еңбек заңнамасының қатаң орындалуына атсалысуға арналған.
59. Банктегі корпоративтік басқару қызметкерлермен серіктестік, олардың құқықтарын құрметтеу, пікір білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ету және әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысу қағидаттарына негізделеді. Банк өнімді қызмет және қызметкерлерді дамыту үшін техникалық-материалдық жағдайларды қамтамасыз ете отырып, қауіпсіз, инклюзивті және жайлы жұмыс ортасын құруға ұмтылады.
60. Банктің кадр саясатының негізгі басымдықтары білікті қызметкерлерді тартуды және дамытуды, кемсітушілікке жол бермеуді, әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуді, қауіпсіз және инклюзивті жұмыс ортасын құруды, мүдделер қақтығысының алдын алуды, сондай-ақ әділ сыйақы мен мансаптық өсу жүйесін енгізуді қамтиды.
61. Банк өз қызметін орнықты даму, құрмет көрсету, сенім білдіру және жауапкершілік қағидаттарын ұстанатындығын көрсететін қабылданған корпоративтік құндылықтарға сәйкес жүзеге асырады.
62. Банктің корпоративтік құндылықтары қызметкерлер арасындағы, сондай-ақ клиенттермен, контрагенттермен, инвесторлармен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл нормаларын айқындайды, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында бекітілген құрмет, сенім және жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру үшін негіз болады.
63. Банктің корпоративтік құндылықтары ішкі мәдениеттің негізін құрайды, қызметкерлердің мінез-құлық бағдарларын қалыптастырады және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, команданың бірлігін арттыруға,

беделін нығайтуға және клиенттермен және серіктестермен ұзақ мерзімді қарым-қатынастарды қалыптастыруға ықпал етеді.

64. Банктің негізгі корпоративтік құндылықтары К – Knowledge (Білім), М – Motivation (Ынталандыру), F – Freedom (Еркіндік) болып табылады. Бұл құндылықтар Банктің миссиясын жүзеге асыруға бағытталған, орнықты дамуға, командалық рухты қолдауға және клиенттерге қызмет көрсету сапасының жоғары стандарттарына қол жеткізуге бағытталған.

7-тарау. Ақпаратты ашу және айқындылық

65. Мүдделі тараптардың ашықтығы мен сенімін арттыру мақсатында Банк өз қызметі туралы ақпаратты, Банк қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғалар туралы және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің Жарғысында және ішкі нормативтік құжаттарында көзделген көлемде және тәртіппен қаржылық нәтижелер туралы ақпаратты ашуды қамтамасыз етеді.
66. Ақпаратты ашу деп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы ақпаратты алу мақсаттарына қарамастан, оған барлық мүдделі тұлғалардың қолжетімділігін қамтамасыз ету түсініледі.
67. Банктің ақпаратты ашуы жариялылық пен банктік, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де ақпараттың құпиялылығын сақтау арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуді ескере отырып жүзеге асырылады. Осындай ақпаратты беруге Қазақстан Республикасының заңнамасына және қорғалатын мәліметтер тізбесін және оларды қорғау жөніндегі шараларды айқындайтын Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шектеу қойылады.
68. Банк қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде мынадай ақпаратты ашады:
- 1) Банктің корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат (орталық депозитарий ашқан оқиғалар туралы ақпаратты қоспағанда);
 - 2) Банктің Басқарма мүшелерінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпарат;
 - 3) Банктің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;
 - 4) Банктің қатысу үлестерінің 10 (он) және одан көп пайызын иеленетін қатысушылар құрамы;
 - 5) Банк әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) 10 (он) және одан көп пайызына иелік ететін ұйымдардың тізімі;
 - 6) жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік, ал еншілес ұйым (ұйымдар) болмаған жағдайда – шоғырландырылмаған қаржылық есептілік және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетін Банктің тоқсан сайынғы қаржылық есептілігі;
 - 7) Банк акциялардың өтеуін төлеп алуы кезінде олардың құнын анықтау әдістемесі.

69. Банк ашатын корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат мына мәліметтер болып табылады:

- 1) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру және осы жиналыстарда қабылданған шешімдер;
- 2) Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың құрамындағы өзгерістер;
- 3) ірі мәмілелер жасау;
- 4) бір мезгілде мынадай талаптарға жауап беретін мәмілелерді жасау: жасалуына Банк мүдделі болатын және құны Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылады;
- 5) орналастырылған (өткізілген), соның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы;
- 6) облигациялар және туынды бағалы қағаздар шығарылымы;
- 7) Банктің бір түрдегі орналастырылған акцияларын басқа түрдегі акцияларына айырбастау және акцияларды бөлу;
- 8) Банк әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан көп пайызына иелік ететін ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;
- 9) Банкті мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі;
- 10) Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомаға Банк мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомаға Банк мүлкін кепілден (қайта кепілден) алу;
- 11) құны Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын Банк мүлкіне тыйым салу (мүліктен тыйым салуды алу);
- 12) Банктің Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу;
- 13) баланстық құны активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын Банк мүлкінің жойылуына әкелген төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;
- 14) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің Жарғысына, эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес Банк акционерлерінің және (немесе) инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.

- 70.Банктің қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХКЕС) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады. Банктің қаржылық есептілігінің негізгі сипаттамалары ашықтық, шынайылық, объективтілік және мүдделі тараптар үшін түсініктілік болып табылады және акционерлер, инвесторлар және реттеуші тарапынан Банк қызметіне деген сенімді қамтамасыз етуге бағытталған.
- 71.Банк экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) саласындағы ақпаратты тұрақты негізде ашады.
- 72.Банк өзінің үлестес тұлғаларының есебін жүргізеді және олар туралы мәліметтерді ашады. Банктің үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің Жарғысында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен үлестестік туындаған немесе мәліметтер өзгерген күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде Банкке өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді беруге міндетті.
- 73.Банктің үлестес тұлғалары Банктің Жарғысында және (немесе) ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің назарына мынадай ақпаратты жеткізуге міндетті:
- 1) өздері мәміленің тарабы болып табылатындығы немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы;
 - 2) өздері үлестес болған заңды тұлғалар туралы, оның ішінде өз бетінше немесе өздерінің үлестес тұлғаларымен бірге дауыс беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) 10 (он) және одан көп пайызын иеленетін заңды тұлғалар туралы және өздері лауазымдық қызмет атқаратын заңды тұлғалар туралы;
 - 3) өздері мүдделі тұлғалар деп танылуы мүмкін жасалатын немесе болжанатын, өздеріне белгілі мәмілелер туралы.
- 74.Банктің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.
- 75.Банк сондай-ақ Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсында Қазақстан қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған өз қызметі туралы ақпаратты ашуды қамтамасыз етеді.
- 76.Банкте ақпаратты ашудың және қорғаудың қағидаттары мен тәсілдерін, сондай-ақ мүдделі тараптарға ашылатын ақпараттың тізбесін айқындайтын ішкі нормативтік құжаттар бекітіледі. Бұл ретте Банк қызметтік, коммерциялық және заңнамамен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету бойынша барлық шараларды бақылайды және қабылдайды.

8-тарау. Акционерлердің жалпы жиналысы

- 77.Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жоғарғы органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретімен шешім

- қабылданатын мәселелер Банктің Жарғысында және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.
78. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу Банкке жылына кемінде 1 (бір) рет акционерлерді өз қызметінің қорытындылары, нәтижелері, сондай-ақ жоспарлары туралы хабардар етуге, Банк қызметінің маңызды мәселелері бойынша талқылауға және шешім қабылдауға қатысу үшін мүмкіндік береді.
79. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің Жарғысында, сондай-ақ Банктің ресми интернет-ресурсында ашылатын Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеде бекітілген.
80. Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына жеке өзі немесе өз өкілі арқылы қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы. Акционер өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.
81. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Банктің өзге органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.
82. Егер Банк Жарғысында өзгеше анықталмаса, Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
83. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын ұйымдастыру және өткізу тәртібі мынадай талаптарды қанағаттандыруы тиіс:
- 1) Банктің барлық акционерлеріне әділ және тең құқылы қатынас;
 - 2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға акционерлердің қолжетімділігі;
 - 3) барынша жоғары ұйымдық және есептік ақпарат беру;
 - 4) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің қарапайымдылығы мен ашықтығы.
84. Акционерлерге алдағы Акционерлердің жалпы жиналысы туралы күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, ал Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай немесе аралас дауыс беру өткізілетін жағдайда (оны шақыру туралы бір немесе бірнеше акционер пошта байланысы құралдарын пайдалана отырып хабардар етілсе) - заңнамада белгіленген тәртіппен Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірмей хабарлануы тиіс.
85. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты оған Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің барынша көп қатысуын қамтамасыз ететіндей түрде айқындалады. Акционерлер қатысу түрінде өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бейне немесе аудио - конференция нысанында) пайдалана отырып, қашықтан қатыса алады.
86. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін және заңнамада көзделген өзге де ақпаратты

қамтитын хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға тиіс

87. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі құрады және ол талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуға тиіс. Күн тәртібінде «әртүрлі», «өзге», «басқа» және осыған ұқсас тұжырымдарды қоса алғанда, кеңінен түсінілетін тұжырымдарды пайдалануға тыйым салынады.
88. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Банктің жиналыста ұсынылған дауыс беруші акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен жүзеге асырылады. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.
89. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешім қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.
90. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселе қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.
91. Банк дауыстардың тиісті түрде берілуін және тіркелуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына кепілдік береді.

9-тарау. Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер

92. Директорлар кеңесі Банк қызметіне жалпы басшылықты және Басқарма қызметін бақылауды қамтамасыз ететін, Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін Банктің басқарушы органы болып табылады.
93. Директорлар кеңесі қызметінің негізгі мақсаттары Банктің ұзақ мерзімді орнықты дамуын, оның құнының өсуін, акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Банк қызметін бақылауды және тиімді басқаруды қамтиды.
94. Директорлар кеңесінің айрықша құзыреті заңнамада және Банк Жарғысында айқындалған.
95. Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру тәртібі, оның қызметін ұйымдастыру, Директорлар кеңесінің функцияларын, өкілеттіктері мен құзыреттерін толық сипаттау заңнамада, Банк Жарғысында және Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалады.
96. Директорлар кеңесі Банктің заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Банктің жалпы стратегиялық басшылығын, стратегияның жүзеге асырылуын, қаржылық орнықтылықты және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен ақпараттық қауіпсіздіктің тиімді жүйесінің ұйымдастырылуын бақылауды жүзеге асырады.
97. Директорлар кеңесі акционерлер мен Басқарма арасында байланыстырушы буын ретінде әрекет етіп, сондай-ақ тәуелсіз және стратегиялық бағдарланған ұстаным негізінде акционерлер, менеджмент және мүдделі тараптар

- мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ете отырып, Банктің корпоративтік басқару жүйесінде негізгі функцияны орындайды.
98. Директорлар кеңесі заңнаманың сақталуын және Банк қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Банктің Директорлар кеңесі қызметінің ашықтығы Орталық депозитарий және Қазақстан қор биржасының ресурстарында ақпаратты толық, уақтылы ашумен және акционерлерді Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жыл сайын хабардар етумен қамтамасыз етіледі.
99. Директорлар кеңесі тәуекел-мәдениеттің жоғары деңгейін белгілеуге атсалысады және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ корпоративтік жанжалдарды бақылайды және реттейді.
100. Директорлар кеңесінің негізгі ұстанымдары мен міндеттеріне сондай-ақ мыналар жатады:
- 1) ұсынылған ақпаратты жан-жақты бағалау негізінде адал, тиісті сақтықпен және қамқорлықпен (duty of care) Банктің мүддесі үшін ұтымды шешімдер қабылдау және әрекет ету. Сақтық және қамқорлық таныту міндеті, егер Директорлар кеңесінің мүшелері өрескел ұқыпсыздық танытпаса, бизнес-шешімдер қабылдау процесіндегі қателіктерге қолданылмайды;
 - 2) жеке басының пайдасын, Банкпен ерекше қатынаспен байланысты тұлғалардың мүдделерін есепке алмай, Банк мүддесіне залал келтірмей (duty of loyalty) Банк мүддесінде адал шешім қабылдау және әрекет ету;
 - 3) Банк қызметіне белсенді қатысу және Банк қызметіндегі елеулі өзгерістер мен сыртқы жағдайлар туралы хабардар болу, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Банктің мүдделерін қорғауға бағытталған уақтылы шешімдер қабылдау;
 - 4) Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреті мен біліктілігін талдау процесін реттейтін Банктің ішкі рәсімдеріне сәйкес, Банктің Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің қызметін мерзімдік (жылына кемінде 1 (бір) рет) бағалау.
101. Директорлар кеңесінің «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) Банктің Жарғысымен Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған немесе Банктің Жарғысымен Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.
102. Акционерлердің жалпы жиналысы кемінде үш адамды қамтитын Директорлар кеңесінің мүшелерін заңнамада және Банк Жарғысында көзделген тәртіппен Директорлар Кеңесі құрамының заңнама мен Жарғы талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін, акционерлердің құқықтарын ескеретін рәсім арқылы сайлайды.
103. Банктің Директорлар кеңесінің құрамы және оның мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптары мынадай талаптарға жауап береді:

- 1) Банктің Директорлар кеңесінің құрамы және оның өкілеттіктері тиімді бақылауды жүзеге асыру үшін жеткілікті;
 - 2) Банктің Директорлар кеңесі таңдалған бизнес үлгісіне, қызмет ауқымына, операциялардың түрі мен күрделілігіне сәйкес Банкті жалпы басқару үшін жеткілікті қажетті біліктілігі, мінсіз іскерлік беделі мен тәжірибесі бар тұлғалардан тұрады;
 - 3) Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері шешім қабылдау процесінде өзара іс-қимылға, ынтымақтастыққа және сыни талқылауға бағдарланған, шешім қабылдау процесінде жекелеген тұлғалардың немесе тұлғалардың шектеулі тобының үстемдігіне жол берілмейді;
 - 4) Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін адал орындайды және шешімдер қабылдайды, мүдделер қақтығысын азайтады.
104. Директорлар кеңесінің құрамына қабылданатын шешімдердің негізділігі мен тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қатынасты қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде, бірақ Директорлар Кеңесі құрамының кемінде отыз пайызын құрайтын тәуелсіз директорлар кіреді.
105. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар, директорлардың тәуелсіздігі өлшемдері заңнамада, Банк Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленеді. Директорлар кеңесі мүшесінің заңнамада белгіленген талаптарға сәйкестігін лауазымға келісу рәсімінің шеңберінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органы айқындайды.
106. Директорлар кеңесі өз функцияларын тиімді орындау мақсатында Директорлар кеңесінің күнтізбелік жылға не күнтізбелік жыл ішіндегі белгілі бір кезеңге белгіленген отырыстарын өткізу кестесіне сәйкес не қажет болған жағдайда кестеден тыс отырыстарды тұрақты өткізеді.
107. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін ақшалай сыйақыларды есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және айрықша құзыретіне осындай сыйақыны төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау жататын Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін ескере отырып айқындалады.
108. Банк қызметінің жекелеген бағыттары бойынша тиімділікті арттыру және барынша егжей-тегжейлі жұмыс істеу мақсатында және таңдалған бизнес үлгісін, қызмет ауқымын, операциялардың түрлері мен күрделілігін, тәуекел-бейінін негізге ала отырып, Банктің Директорлар кеңесі Банктің Директорлар кеңесінің жанынан Комитеттер құрады.
109. Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер мынадай мәселелерді қарайды:
- 1) стратегиялық жоспарлау;
 - 2) кадрлар және сыйақылар;
 - 3) аудит;
 - 4) тәуекелдерді басқару;
 - 5) экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді орнықты дамыту және басқару;
 - 6) Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

110. Осы Кодекстің 109-тармағында келтірілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесі жанындағы жеке комитет қарастыратын аудит мәселелерін қоспағанда, Директорлар кеңесі жанындағы бір немесе бірнеше комитеттің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.
111. Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер өз қызметінде Директорлар кеңесіне есеп береді.
112. Директорлар кеңесі комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Кодекстің 109-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарайтын Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.
113. Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы Директорлар кеңесінің мүшелерінен, сондай-ақ қажет болған жағдайда тиісті біліктілігі мен білімі бар сарапшылардан құралады, бұған Директорлар кеңесінің мүшелерінен ғана тұруы тиіс аудит мәселелері жөніндегі комитет жатпайды.
114. Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің мүшелері Кодексте белгіленген талаптар мен қағидаттарды сақтауға, өз міндеттерін тиісті ұқыптылықпен, сақтықпен және Банк пен оның акционерлерінің мүддесінде орындауға міндетті.
115. Директорлар кеңесі жанындағы әрбір комитет өз қызметін өкілеттігін, құзыретін, сондай-ақ жұмыс қағидаттарын, Банктің Директорлар кеңесіне есеп берудің ішкі тәртібін, комитет мүшелерінің алдында тұрған міндеттерді және комитеттегі Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмыс мерзімдері бойынша шектеулерді айқындайтын ішкі нормативтік құжат шеңберінде жүзеге асырады. Банктің Директорлар кеңесі өкілеттіктердің шоғырлануын болдырмау және жаңа көзқарастарды тартуға көмектесу үшін осындай Комитеттер мүшелерін (сарапшыларды қоспағанда) ауыстырып отыруды көздейді.

10-тарау. Корпоративтік хатшы

116. Акционерлердің жалпы жиналыстарының және Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауды және өткізуді бақылау, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды дайындауды қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға Банкте қолжетімділіктің қамтамасыз етілуін бақылау мақсатында Корпоративтік хатшы тағайындалады.
117. Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттік мерзімін айқындайды, лауазымдық айлық мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындайды.
118. Корпоративтік хатшы лауазымына Директорлар кеңесінің мүшесі және (немесе) Басқарма мүшесі болып табылмайтын тұлға тағайындалуы мүмкін.
119. Корпоративтік хатшы өз міндеттерін орындау үшін қажетті тәжірибеге, білімге, біліктілікке, сондай-ақ адал іскерлік беделге ие болуы тиіс.

120. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне есеп береді және Басқармаға тәуелсіз болады және өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті өкілеттіктерге және ресурстарға иелік етеді:

- 1) Банктің ақпараты мен құжаттарын сұрату және алу;
- 2) өз құзыреті шеңберінде мәселелерді Банктің басқару органдарының қарауына шығару;
- 3) Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің оның функцияларына қатысты мәселелер бөлігінде Банктің Жарғысы мен ішкі құжаттарын сақтауын бақылау;
- 4) Директорлар кеңесінің төрағасымен және Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағаларымен өзара іс-қимыл жасау;
- 5) корпоративтік басқару және заңнаманы, Жарғы мен осы Кодекстің ережелерін қолдану мәселелері бойынша Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесінің мүшелері үшін кеңесші рөлін атқару;
- 6) корпоративтік басқару жүйесі мен практикасын жетілдіруге қатысу;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесі қабылдаған корпоративтік шешімдердің уақтылы орындалуын бақылауды жүзеге асыру, Директорлар кеңесін осындай орындау/орындамау туралы хабардар ету;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізуге дайындық мәселелері бойынша акционерлермен өзара іс-қимылды жүзеге асыру.

121. Банк Басқармасы Корпоративтік хатшыға өз міндеттерін орындау кезінде көмек көрсетеді.

122. Корпоративтік хатшы өз қызметін Директорлар кеңесі бекітетін ереже негізінде жүзеге асырады. Корпоративтік хатшы қызметінің функциялары мен міндеттері, оның Корпоративтік хатшымен және Банктің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау тәртібі Банктің ішкі нормативтік құжаттарында айқындалады.

11-тарау. Басқарма және Басқарма жанындағы комитеттер

123. Банк Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің және Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өз құзыреті шегінде Банктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын корпоративтік басқару құрылымындағы негізгі буын болып табылатын Банктің алқалы атқарушы органы болып табылады.

124. Басқарма қызметінің негізгі ұстанымдары – заңдылық, адалдық, орындылық, кәсіби біліктілік, объективтілік. Басқарма мүшелері өз міндеттерін Банктің және оның акционерлерінің мүдделеріне сай, тиісті мұқияттылықпен және ұқыптылықпен орындайды. Басқарма өз қызметінде Директорлар кеңесіне есеп береді және Банктің күнделікті жұмысына оның ұзақ мерзімді құнының өсуі және орнықты дамуы мақсатында жауап береді,

- Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін адал, уақтылы және тиімді орындайды.
125. Директорлар кеңесі және Басқарма ынтымақтаса отырып, өзара іс-әрекет жасайды, Банктің мүдделерінде әрекет етеді және Банк акцияларының ұзақ мерзімді құнының өсуін және Банктің орнықты дамуын қамтамасыз ете отырып, орнықты даму, барлық акционерге әділ қатынас және мүдделі тараптардың пікірлерін ескеру қағидаттары негізінде шешімдер қабылдайды.
126. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, оның ішінде функциялары, жұмысын ұйымдастыру, өкілеттіктері, құзыреті, оның құрылуы және құрамы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Банктің Жарғысында, Басқарма туралы ережеде және Банктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарында айқындалады.
127. Басқарманың негізгі міндеттері – Банктің табыстылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, оның орнықты қаржылық-экономикалық жай-күйін қамтамасыз етуге, тәуекел-мәдениетті жүзеге асыруға және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыруға, акционерлердің құқықтарын қорғауға, олардың инвестицияларының тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған саясатты жүргізу, сондай-ақ Банктің Жарғысында және Стратегиясында анықталған Банктің өзге де мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру.
128. Банк Басқармасы қызметінің негізгі бағыттары:
- 1) Банктің мақсаттарын, стратегияларын мен саясаттарын жүзеге асыру;
 - 2) Банктің жұмыс істеу жүйелері мен қағидаларын айқындау және бекіту;
 - 3) жоспарлау;
 - 4) Банктің құрылымын әрі қарай Директорлар кеңесінің бекітуімен қалыптастыру,
 - 5) қызметкерлерді ынталандыру және тәртібін қамтамасыз ету;
 - 6) Банктің ішкі еңбек тәртібін анықтау;
 - 7) Банктің күнделікті қызметіне басшылық жасау;
 - 8) әлеуетті инвесторларды іздеу және олармен келіссөздер жүргізу;
 - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк жүргізетін операциялардың барлық түрлеріне бақылауды жүзеге асыру;
 - 10) қаржылық есептілікті дайындау;
 - 11) Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысына, Директорлар кеңесіне бекітіліп берілгендерді қоспағанда, Банктің мақсаттарына жету үшін қажетті өзге де қызмет түрлері.
129. Басқарма өзіне жүктелген функциялардың барынша тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі тиіс. Басқарма құрамы Басқарма мүшесі лауазымына үміткерлер туралы толық ақпарат беруді көздейтін ашық рәсімге сәйкес сайлануы тиіс.
130. Басқарма құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар заңнамада, Банк Жарғысында белгіленеді. Басқарма мүшесі лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының уәкілетті органының келісімімен лауазымға тағайындалады (сайланады). Басқарма мүшесі лауазымына үміткердің

заңнамада белгіленген талаптарға сәйкестігін Қазақстан Республикасының уәкілетті органы айқындайды.

131. Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасын, Банк Жарғысын және Банктің ішкі нормативтік құжаттарын ескере отырып айқындайды.
132. Директорлар кеңесі Банк Басқармасының қызметіне тұрақты (жылына кемінде 1 (бір) рет) бағалау жүргізеді. Бағалаудың негізгі өлшемдері стратегияны жүзеге асыру және Басқарма мүшелерінің қызметіне қойылған негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу болып табылады. Жүргізілген бағалау негізінде Директорлар кеңесі Басқарма мүшелеріне сыйлықақы беру туралы шешім қабылдайды.
133. Басқармаға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Басқарма өз өкілеттіктерінің бір бөлігін Қазақстан Республикасы заңнамасының, Басқарма туралы ереженің және Банктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын ескере отырып, Басқарма жанында құрылған алқалы органдарға - Комитеттерге беруге құқылы. Басқарманың өкілеттіктерді одан әрі беруіне не жоғары тұрған органдар өзіне берген өкілеттіктерді беруіне жол берілмейді.
134. Басқарма жанындағы комитеттер өз қызметінде Басқармаға есеп береді.
135. Басқарма жанындағы комитеттерді құру, олардың жұмыс істеу тәртібі және қызметіне мониторинг (бақылау) жасау, олардың сандық және лауазымдық құрамы, мүшелері мен Төрағаның өкілеттіктері осындай комитеттер туралы ережелерде белгіленеді.
136. Басқарма Банктің бекітілген ұйымдық құрылымы шеңберінде Банк органдарына немесе Банк қызметкерлеріне берілген міндеттердің тиісінше орындалуына жауапты.

12-тарау. Қаржы-шаруашылық қызметті бақылау және аудит

137. Банк инвесторлардың Банкке және оның басқару органдарына сенімін қамтамасыз ету арқылы оның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау жүйесін белгілейді. Осындай бақылаудың негізгі мақсаты – акционерлердің капитал салымдарын және Банк активтерін қорғау.
138. Банктің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды Банктің қаржылық, операциялық және басқа жүйелерін тәуелсіз, объективті және бейтарап тексеру және бағалау арқылы мыналар жүзеге асырады:
 - 1) Директорлар кеңесі;
 - 2) ішкі аудит бөлімшесі;
 - 3) тәуелсіз аудиторлық ұйым (аудитор).
139. Банк стратегияны, ұйымдық құрылымды, активтердің көлемін, Банк операцияларының сипаты мен күрделілік деңгейін ескеретін ішкі аудит бөлімшесінің жұмысын қамтамасыз етеді. Ішкі аудит бөлімшесі өз қызметін тәуелсіз жүргізеді, белгілі бір өкілеттіктерге ие, Банктің Директорлар кеңесіне есеп береді.
140. Ішкі аудит бөлімшесі өзінің функциялары мен міндеттерін объективті және сапалы орындау үшін жеткілікті ресурстар мен өкілеттіктерге ие. Ішкі аудит

- бөлімшесінің басшысы мен қызметкерлері өзге лауазымды атқармайды, Банктің алқалы органының мүшелері болып табылмайды және Банктегі және (немесе) еншілес ұйымдардағы міндеттерді қоса атқармайды.
141. Ішкі аудит бөлімшесі өз қызметінде халықаралық ішкі аудит стандарттарын басшылыққа алады.
142. Ішкі аудит бөлімшесі корпоративтік басқару, ішкі бақылау, Банк тәуекелдерін басқару жүйелерінің тиімділігін тұрақты негізде тәуелсіз, жан-жақты бағалауды жүзеге асырады.
143. Ішкі аудит бөлімшесі өзінің жоспарлары мен іс-әрекеттерін әзірлеу кезінде тәуекелге бағдарланған тәсілді пайдаланады, Банк қызметіне тән тәуекелдерге қатысты тәуелсіз, негізделген пікір қалыптастырады, ішкі процестерге тиісті бағалау жүргізеді.
144. Банк өзінің объективті пікірін ұсынатын тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудитін жүргізеді.
145. Сыртқы аудиторды таңдау кезінде Банк тәуелсіздік, мүдделер қақтығысын болдырмау, объективтілік, кәсіби құзыреттілік қағидаттарын басшылыққа алады.
146. Банктің сыртқы аудиторын таңдау тәртібі мен өлшемдері Банктің ішкі нормативтік құжатына сәйкес айқындалады.

13-тарау. Қорытынды ережелер

147. Осы Кодекстің ережелерін Банктің акционерлері, алқалы органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері орындауға міндетті.
148. Қазақстан Республикасының заңнамасы және/немесе Банк Жарғысы өзгерген жағдайда, осы Кодекстің ережелерін корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибелерін ескере отырып, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы толықтыруы немесе өзгертуі мүмкін.
149. Банктің Директорлар кеңесі корпоративтік басқару кодексінің жобасын және (немесе) оған енгізілген өзгерістерді алдын ала қарайды және бекіту үшін Акционерлердің жалпы жиналысына жібереді.
150. Осы Кодексте реттелмеген мәселелер заңнаманың, Банк Жарғысының және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес шешіледі.